# ЗАМАН ТАЛАБЫНА СӘЙКЕС БІЛІКТІ ҚАРЖЫГЕР ҚАШАНДА ҚАЖЕТ

**Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп атап көрсетті.**

Елімізде Тәуелсіздік алғалы 30 жыл ішінде жастардың заманауи білім алуына үлкен мүмкіндіктер жасалып келеді. «Болашақ» бағдарламасы аясында он үш мыңнан аса жастар әлемнің беделді жоғары оқу орындарында білім алды және алып жатыр. Қазіргі таңда жас мамандар даярлау үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. Жаңа технологиялар, оқулықтар, мектептер, университеттер, осының барлығы білім сапасын нығайту үшін қарқынды дамуда.

Әр азаматтың өзінің жүрегі қалаған мамандығы бар. Қайбір мамандық болмасын өз маңыздылығы, ерекшеліктері мен пайдасы болады. Мамандықтар әлемі өте бай және әр алуан. Техникалық прогресстер, инновациялар, әлеуметтік сұраныстар мен көптеген факторлар жаңа мамандықтың пайда болуына әсерін тигізіп жатыр. Бүгінгі таңдағы нарық талабы әсіресе білікті, бәсекеге қабілетті мамандарға деген сұранысты арттыратыны белгілі.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, экономикада елеулі табыс әкелетін салалардың бірі қаржы саласы екендігін ескерсек, қаржы жүйесінің тұрақты дамуы үшін елімізге бәсекеге қабілетті қаржыгерлерді дайындау қажет. Себебі шетел нарығына шығу, жеке кәсіпкерліктің дамуы, инвестиция тарту, осы бағалы қағаздар нарығының, яғни қор биржасының қызметтілігінің тигізетін маңыздылығы зор.

Қаржыгер- қаржы саласында жұмыс істеп, ақша қаражаттарының дұрыс жұмсалуын қадағалап, табысты көздейтін маман. Басқа сөзбен айтқанда қаржыгер - бұл банкирлер, инвесторлар, трейдерлер, биржа жұмыскерлері, қаржы директорлары, мемлекеттік кірістер (салық) басқармасының жұмыскерлері, қаржылық менеджерлер, бухгалтерлер мен аудиторлар. Осы бағытта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті еліміздің қаржы жүйесінде жұмыс істейтін мамандарды дайындауда өзіндік орны бар жоғары оқу орындарының бірі болып табылады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университет басшылығы студенттердің сапалы білім алуына барлық жағдайды жасап отыр. Аталған университетің «Басқару және бизнес» жоғары мектебінің «Қаржы» білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша білім алған түлектері қазіргі кезде еліміздің қаржы жүйесіндегі банктер, Мемлекеттік кірістер басқармасында, экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті, сақтандыру компанияларында, қаржы департаменттерінде сәтті қызмет етіп жүр. Бұл қаржы мамандарын даярлайтын профессор-оқытушылардың қажырлы еңбегінің жемісі.

Жалпы Қазақстан халықаралық қауымдастық алдында экономикасы жылдан-жылға өсіп келе жатқан мемлекет ретінде танылды. XXI ғасыр жастары болашағы жарқын, рухани байлығы мол, күн сайын жаңа белестерге шығып, гүлденіп келе жатқан мемлекеттің ұрпағы. Алға қойылған негізгі міндет- сапалы білім алып, келешекте білікті маман атанып, өз еліне аянбай адал қызмет ету. Олар еліміздің экономикасын дамытудағы жаңа межені бағындыратын – бұл білікті де, білімді маман болатын бүгінгі жас түлектер.

**Кальбаева Нұрсулу,**
**М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы**